

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2022 жылғы қабылдау бойынша

«7M02209 – Шығыстану»

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

білім беру бағдарламасына сараптамалық қорытынды

(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі

Қазіргі әлемде Шығыс елдерінде болып жатқан саяси және экономикалық процестерге байланысты шығыс тілдерін жеткілікті деңгейде меңгерген және мемлекеттің ішкі, сыртқы экономикалық стратегиясын дамыту үшін болжамдар мен ұсыныстар жасай алатын, қабілетті жоғары білікті кадрларға деген қажеттілік артауда. Осыған сәйкес «7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы шығыстану ғылымының, Шығыс Азия, Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдерінің экономикалық, саяси қызметі мен тілдік салаларында қызмет атқаратын білікті мамандар даярлайды. Аталған бағдарламаны оқып бітірген түлектер сыртқы саясат ведомстволары мен халықаралық, қауіпсіздік ұйымдарында, Ұлттық ғылым академиясында, ЖОО, ғылыми зерттеу орталықтары, ұлттық және шетелдік компанияларда қызмет атқара алады.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), салалық біліктіліктердің шеңбері (СБШ), кәсіби стандарт (КС) стандарттарда талап етілетін кәсіби қызметке, еңбек жағдайы мен біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, мазмұнға, сапаға қойылатын талаптар «7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасында ескерілген. Бағдарламада кәсіби құзыреттілікті іске асыруды қамтамасыз ететін шығыстанулық зерттеулер жүйесі мен әдістемелік тәсілдері қамтылған.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі

«7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасында қамтылған пәндердің тізбегі ғылымның жетістіктеріне негізделі отырып, жұмыс берушілердің сұраныстарымен қажеттіліктері қамтылған. БББ-ның талаптарына сәйкес «Шығыстану ғылымының өзекті мәселелері», «Шығыс елдерін оқытудың теориясы мен әдіснамасы», «Шығыстың қазіргі социумы» деген модульде оқытылатын пәндер шығыс елдері бойынша ақпараттық, сараптамалық талдау жүргізуге, ғылыми-практикалық мәселелерді шешуге, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жоспарлауға қабілетті жоғары деңгейлі мамандарды дайындауға сәйкес келеді.

«Шығыс тіліндегі ғылыми еңбектерді талдау», «Оқытылатын елдің әлеуметтік-экономикалық процестерін талдау», «Оқытылатын ел тіліндегі дискурсивті формалар» деген пәндерді игерген магистранттар саяси-экономикалық, философиялық сипаттағы мәтіндерді шығыс тілінен және шығыс тіліне еркін аударып алады, ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндіктер береді. «Корей / Жапон / Қытай / Иран / араб елдерінің деректануы мен тарихнамасы» мен «Шығыс елдерінің классикалық жазба мұрасы (Қытай, Жапония, Корей, араб елдері, Иран)» пәндері шығыс елдерінің архивтеріндегі еліміздің тарихы мен мәдениеті туралы тың деректерді оқуға дағдыландырады. «7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасында оқытылатын пәндер қоғамның салаларын дамытуға, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келеді.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

«7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар жоқ.

3. Қорытынды: Қорытындылай келе, «7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы қазіргі заманның деңгейі мен сұраныстарына, еңбек нарығының қажеттіліктеріне, білікті маман даярлау ісіне жауап бере алатын бағдарлама деп тұжырымдауға болады.

«7M02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады.

4. Сараптама жүргізген:


1) **Ғ.М. Дүйсен**, ҚР БҒМ Ғылым комитеті
Шығыстану институты директорының
орынбасары, э.ғ.д.


2) **Е.К. Белгожа**, ҚР БҒМ Ғылым комитеті
Шығыстану институтының ғалым хатшысы, т.ғ.к.

3) **Н.Ж. Шаймарданова**, ҚР БҒМ Ғылым комитеті
Шығыстану институтының жетекші
ғылыми қызметкері, с.ғ.к.









7.04.2022